

2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 8 қаңтардағы N 58-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 31 қаңтарда N 2518 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275/1711/-МШ хатымен.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 462 бабына, Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 19-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1314 "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, облыстық мәслихат кезектен тыс IV сессиясында ш е ш і м е т т і :

1. 2008 жылға арналған қоршаған ортаға эмиссия төлемақысы ставкалары төмендегі қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (М. Шырдабаев).

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және шешімдердің қосымшасындағы 7 тармақтағы төлемақылар заңды тұлғалар үшін 2008 жылдың 8 ақпанынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Ескерту. Шешімнің 4-тармағы жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 2008.11.12 N 131-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 1-тармақтан қараңыз).

IV сессиясының төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы

Облыстық мәслихаттың
М. Қалиев
Ж. Дүйсенғалиев

Атырау облыстық мәслихатының
 2008 жылғы 8 қаңтардағы
 N 58-IV шешіміне қосымша

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының 2008 жылғы ставкалары

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық мәслихатының 2008.02.08 N 72-IV Шешімімен.

Р/с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қалдықтардың қауіптілік деңгейі	Төлемақының ставкалары, теңге
1	2	3	4	5
1.	Ластаушы заттардың тұрақты көздерден шығарындылары ¹	шартты тонна		2600
2.	Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден шығарындылары:	пайдаланылған отынның тоннасы (бұдан әрі - тонна)		
	этилденбеген бензин үшін			800
	дизель отыны үшін			1000
	сұйытылған, сығылған газ үшін			600
3.	Ластаушы заттардың төгінділері:	шартты тонна		
	су көздеріне ²			22000
	Жинақтауыштарға, сүзу алаңдарына, жер бедеріне			21000
4.	Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар ³	тонна		770
5.	Өнеркәсіптік қалдықтар:			
	Өндіріс пен тұтынудың қалдықтардың полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде арнайы және берілген орындарда орналастыру	тонна	"қызыл" тізім	38500
			"январь" тізім	19200
			"жасыл" тізім	4800
			жіктелмегендер	2500
	бұдан басқа:			
	аршынды жыныстар ⁴	тонна		10,7
	байыту шлактары, шламдары ⁴			109,5
	күл мен күлшлактар ⁴			1536
	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары			512

6.	Радиоактивті қалдықтар:	гигабек-керель			
	трансуранды қалдықтар				2060
	альфа-радиоактивті қалдықтар				1030
	бета-радиоактивті қалдықтар				103
	шынақты радиоактивті көздер				1030
7.	Заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластаушы заттардың шығарындылары	Шартты тонна		50000	

Е с к е р т п е :

1) ISO 14001:2004 халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған кәсіпорындары үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

¹ 0,75 коэффициенті;

2) халыққа коммуналдық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын кәсіпорындар үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

¹ 0,3 коэффициенті;

² 0,43 коэффициенті;

⁴ 0,25 коэффициенті;

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін халықтан құрылған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

³ 0,2 коэффициенті;

4) кәсіпорындар төлемінің ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолданған жөн.